

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 24 маусым N 401

Бухаресте 1998 жылғы 21 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі екі Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайту мен дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып және Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны жасасуға ниет білдіре отырып, мыналар туралы уағдаласты:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция оларды алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті өкімет органдары алатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжитын және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға

салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан, немесе табыстың немесе капиталдың жеке элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері, сондай-ақ капитал өсімінен алынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар деп есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын қазір алынып жүрген салықтар мыналар болып табылады, атап айтқанда:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;

(ii) мүлікке салынатын салық;

(бұдан әрі - "Қазақстан салығы" деп аталады);

б) Румынияда:

(i) жеке тұлғалар алатын табысқа салынатын салық;

(ii) түскен пайдаға салынатын салық;

(iii) жалақыға және басқа осындай сыйақыларға салынатын салық;

(iv) ауыл шаруашылық қызметінен түсетін табыстарға салынатын салық;

(v) дивидендтерге салынатын салық;

(vi) ғимараттарға және ғимараттар мен құрылыстар салынған жерге салынатын салық;

(бұдан әрі - "Румыния салығы" деп аталады).

4. Конвенция сондай-ақ осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға немесе солардың орнына қосымша алынатын оларға бара-бар немесе іс жүзінде оларға ұқсас кез келген салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары өздерінің тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер жайында бір-біріне мәлімдеп отырады.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен өзге туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "Уағдаласушы Мемлекеттер" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекст талабына қарай, Қазақстанды немесе Румынияны білдіреді;

б) терминдер:

(i) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Жағырапиялық мағынада қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстан салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық шельфті қамтиды; және

(ii) "Румыния" термині Румынияны білдіреді және, жағырапиялық мағынада қолданғанда, Румыния өзінің ішкі мемлекеттік заңдары мен теңіз суларындағы, теңіз түбіндегі және осы сулардың топырақ асты қабатындағы табиғи, биологиялық және минералдық ресурстарды барлауға және пайдалануға қатысты халықаралық құқықтарға сәйкес, егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аумақтық теңізін, сондай-ақ айрықша экономикалық аймағын қоса алғанда, Румынияның аумағын білдіреді;

с) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны немесе тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

д) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген корпоративтік құрылымды немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

е) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің

кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымал" термині теңіз, әуе кемесі немесе темір жол көлігі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз, әуе көлігімен немесе темір жол көлігімен жүзеге асырылатын кез келген тасымалды білдіреді;

g) құзыретті орган" термині мыналарды білдіреді:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;

(ii) Румынияда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

h) "ұлттық тұлға" термині мыналарды білдіреді:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе кез келген басқа ассоциацияны;

2. Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияны қолданған кезде онда айқындалмаған кез келген термин, егер контекстен басқаша туындамаса, осы Конвенция қолданылатын салықтар жөнінде осы Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині, осы мемлекеттің заңдары бойынша өзінің тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылу орны, тіркелу орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді.

Алайда бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе онда орналасқан капиталға байланысты ғана осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Жеке тұлға 1-тармақтың ережелері негізінде сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылған жағдайларда, оның мәртебесі

былайша айқындалады:

а) ол өзінің меншігіне жататын тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің ешқайсысында да өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса, ол өзі азаматы болып саналатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер ол Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе ешқайсысының да азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісу бойынша шешеді.

3. Егер жеке тұлғадан өзге тұлға 1-тармақтың ережелері себебінен Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, құзыретті органдар мәселені өзара келісу бойынша шешеді. Егер құзыретті органдар мұндай келісімге келе алмаса, мұндай тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің

ешқайсысының да резиденті деп саналмайды және осы Конвенцияның артықшылықтарын пайдалана алмайды.

5-бап Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині ол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- а) басқару орнын;
- б) бөлімшені;
- с) офисті;
- д) фабриканы;
- е) шеберхананы;
- ф) ферманы немесе кез келген егіс алқабын; және

г) шахтаны, мұнай немесе газ скважинасын, кенішті немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген кен орнын.

3. "тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңын немесе құрылыс салу, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтерді, тек егер мұндай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт істеп келсе немесе мұндай қызмет 12 айдан астам уақыт көрсетіліп келсе ғана;

б) монтаждау немесе бұрғылау қондырғыларын немесе кемелерді пайдалануды, немесе Уағдаласушы Мемлекетте немесе табиғи ресурстарды барлау және пайдалану үшін осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді, тек егер мұндай пайдалану 12 айдан астам уақыт созылса, немесе осындай қызмет 12 айдан астам уақыт көрсетілсе ғана;

с) осы мақсаттар үшін кәсіпорын жалдап алған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы кәсіпорын көрсеткен консультативтік қызметтерді қоса алғанда, көрсетілген қызметтерді, тек егер мұндай сипаттағы қызмет (осындай немесе соған байланысты жоба үшін) жалпы алғанда 12 айдан асатын кезеңде немесе кезеңдерде жалғасса ғана.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне тәуелсіз, "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтитын болып қарастырылмайды:

а) табыс алмай-ақ, құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) табыс алмай-ақ, кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) уақытша жәрмеңкеге немесе көрмеге қойылған кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдарды аталған жәрмеңке немесе көрме жабылғаннан кейін сату;

е) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру үшін ғана ұстауды;

г) а)-дан ф)-ке дейінгі тармақшаларда аталған қызмет түрлерін кез келген қиыстыруды жүзеге асыру үшін ғана тұрақты іс-әрекет орнын ұстауды, тек мұндай қиыстыру нәтижесінде пайда болған тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметі дайындық немесе қосалқы сипатта болған жағдайда ғана.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер 7-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттігі

болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызмет жөнінде осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, алайда осындай тұлғаның 4-тармақта көрсетілген, тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызметпен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру кәсіпорны, қайта сақтандыруды қоспағанда, егер ол осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында сақтандыру жиындарын жинайтын немесе ол 7-тармақтың ережелері қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы онда орналасқан тәуекелді нәрселерді сақтандыратын болса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

7. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін Мемлекетте делдал, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаса, осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

8. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен айналысуы) фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан табысты қоса алғанда) осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынада қолданылса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды,

жер иелігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктың және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды және жоғарыда аталғандарды игеру құқығын қамтиды; теңіз, әуе кемелері, жердегі және темір жол көлігі жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, мұндай кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе айналысқан болса, онда оның пайдасына екінші Мемлекетте салық салынуы, бірақ мыналарға:

- a) осындай тұрақты мекемеге;
- b) тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарлармен немесе бұйымдармен бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы екінші Мемлекетте сатуға; немесе
- c) өзінің сипаты жөнінен осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметпен сәйкес келетін немесе ұқсас осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе айналысқан болса, онда осы тұрақты мекеме нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын

кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде төмендегі шығындар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе одан тысқары жерде жұмсалған-жұмсалмағанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекеменің бас офисіне немесе резиденттің басқа офистерінің кез келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, алымдар немесе басқа да ұқсас төлемдер төлеу арқылы немесе нақты қызметтер көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу арқылы немесе тұрақты мекемеге несиеге берілген сомаға проценттер төлеу арқылы төленген сомаларды тұрақты мекемеге шегеріп тастауға болмайды.

4. Егер әдетте Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорынның әртүрлі бөлімшелеріне оның пайдасының жалпы сомасын сайма-сай бөлу негізінде айқындалу қабылданса, 2-тармақтағы ештеңе де осы Уағдаласушы Мемлекетке әдетте қабылданғанындай, осылай бөлу арқылы айқындауға тыйым салмайды; алайда сайма-сай бөлудің таңдап алынған әдісі осы бапта айтылған принциптерге сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тек қана тауарлар немесе бұйымдар сатып алуы нәтижесінде ғана осы тұрақты мекемеге әлдеқандай пайда есептелмейді.

6. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылатын мүлік құнының өсімінен алынатын табыс немесе табыстар түрлерін қамтитын болса, онда ол баптардың ережелері осы баптың ережелеріне қатысты болмайды.

7. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге тиесілі пайда, егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жылма-жыл біркелкі тәсілмен айқындалады.

8-бап

Халықаралық тасымалдар

1. Теңіз, әуе кемелерін немесе темір жол көлігін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға, кәсіпорынды тиімді басқару орталығы орналасқан

Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер теңіз кәсіпорнын тиімді басқару орталығы кемең бортында орналасса, онда ол кеме тіркелген порт орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте, немесе, егер мұндай порт болмаса, кемеңі пайдаланатын адам резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан деп есептеледі.

3. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық пайдалану агенттігіне қатысудан алынатын пайдаға қолданылады;

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген пайда теңіз, әуе кемелерін және темір жол көлігін халықаралық пайдаланудан қызметі өзгеше қонақ үйді пайдаланудан алынатын табысты қамтымайды.

9-бап

Ассоцияланған кәсіпорындар

1. Егер:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және әрбір жағдайда кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы жағдайлардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасай алады. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға

тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация береді.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің нақты иесі болса, онда осындай алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайды.

Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ дивидендтерді бөлетін компанияның резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салық реттеуіне жататын компанияға қатысудың басқа да корпоративтік құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, онда 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 15-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші

Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет, мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды.

6. Осы Конвенцияның ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұрақты мекемесі бар компанияға табыс салығына қосымша осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы ереженің мақсаттары үшін табысқа қосымша салық әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес белгіленеді.

11-бап

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы проценттердің нақты иесі болса, онда осылай алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған проценттер, егер оларды екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі, немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы, немесе осы Үкіметтің, оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесінің немесе жергілікті өкімет органының кез келген агенттігі немесе банк бөлімшесі немесе мекемесі алса және олар іс жүзінде тиесілі болса, немесе, екінші Уағдаласушы Мемлекет резидентінің борыштық талаптары кепілдікпен сақтандырылған немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне толықтай қарасты қаржылық мекемеден тікелей қаржыландырылған болса, осы Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілдікпен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыш талаптарынан алынатын табысты, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табысты және облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Төлемдердің уақытында жасалмағаны үшін салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және проценттер төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 15-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші Мемлекеттің өзі, оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте проценттер төленетін қарыз пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуы себепті төленетін проценттердің төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы тиіс.

8. Егер өзіне қатысты проценттер төленетін кез келген борыш талаптарының жасалуына немесе жүктелуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды осылай жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ роялти алушы оның нақты иесі болып табылса, онда осылай алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде әдебиет, өнер және ғылыми жұмыс шығармаларына, соның ішінде кинематографиялық фильмдерге және радио немесе теледидарға арналған фильмдерге немесе таспаларға, спутниктік, кабельдік, оптикалық-талшықтық немесе осыларға ұқсас технологиялар арқылы бұқаралық жарияланымға, кез келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе моделге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе кез келген өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпаратқа кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің, заттай төлемдерді қоса, кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Мемлекеттің өзі, оның әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - бұған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына қатысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болуы себепті төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін мән бере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысы бар кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, бұл баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

Делдалдық жарналар

1. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін делдалдық жарналарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес, олар туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте де делдалдық жарналарға салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы делдалдық жарналардың іс жүзіндегі иесі болса, мұндай жолмен алынатын салық делдалдық жарналардың жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Делдалдық жарналар" термині, осы бапта қолданылуында, делдалдық жағдайда жұмыс істейтін брокерге, немесе делдалдық жағдайда жұмыс істейтін агентке, немесе брокерге теңестірілген кез келген өзге тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекетте бұндай төлемдер пайда болатын Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын делдалдық жарналардың іс жүзіндегі иесі онда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы делдалдық жарналар пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырып келсе, немесе осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты базасынан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және делдалдық жарналар төленетін әрекет шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылады. Бұл ретте жағдайларға байланысты 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) және 15-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Мемлекеттің өзі, әкімшілік-аумақтық бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, делдалдық жарна осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, делдалдық жарнаны төлеуші тұлға, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болғанына немесе болмағанына, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы бар екендігіне, осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болғанына, оның іс-әрекетіне делдалдық жарналарды төлеу міндеттемесі белгіленгеніне және мұндай делдалдық жарналар тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептелуіне қарамастан, мұндай делдалдық жарналар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен делдалдық жарналардың іс жүзіндегі иесі арасындағы, немесе олардың екеуі мен әлдеқандай басқа тұлға арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан орындалған жұмыс үшін төленген делдалдық жарнаның сомасы, мұндай қатынастар болмаған кездегі төлеуші мен делдалдық жарналардың іс жүзіндегі иесі арасындағы келісілген сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің артық бөлігі әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес, осы Конвенцияның басқа да ережелерін ескере отырып, салық салуға жатқызылады.

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) айтылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын табыстарына, немесе әріптестіктегі үйлестерге, немесе активтері толығымен немесе көп бөлігінде осындай мүліктен тұратын компания акцияларына, немесе активтері толығымен немесе көп бөлігінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын трасталарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мемлекеттік кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелерін және темір жол көлігін шеттеуден және осындай теңіз, әуе кемелері немесе темір жол көлігін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарға мекемені тиімді басқарудың орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

4. 1, 2 және 3-тармақтарда көрсетілгеннен басқа кез келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

15-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да ұқсас қызметтер көрсетуден алған табысқа, егер осындай қызметтер екінші Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмейтін немесе көрсетілмеген болса; және
а) табыс жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүйелі түрде ие болып

отырған немесе ие болған тұрақты базаға қатысты алынған болса; немесе

б) осындай жеке тұлға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кез келген 12 айлық кезеңнің тиісті күнтізбелік жылда басталатын немесе аяқталатын жалпы алғанда 183 күнінен асып түсетін кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте болып жүрсе немесе жүрген болса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

а) немесе б) тармақшаларында айтылған қызметтерге байланысты табыс 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) принциптері сияқты, тура пайдалардың сомасын анықтаудың және кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайдаларды тұрақты мекеменің немесе тұрақты базаның пайдасына жатқызудың принциптеріне сәйкес, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, мәдениет пен өнер қызметкерлерінің тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерін, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

16-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 17-баптың (Директорлардың сыйақылары), 19-баптың (Зейнетақылар), 20-баптың (Мемлекеттік қызмет) ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған ырыздыққағыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша жүзеге асырылса, онда осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, егер:

а) алушы тиісті күнтізбелік жылда басталатын және аяқталатын кез келген дәйекті 12 айлық кезеңнің ішінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы екінші Мемлекетте болса; және

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыны жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы

Мемлекетте жалданып істеген жұмысына байланысты алатын сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте салық салынады.

3. Осы баптың бұның алдындағы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелерінің бортында немесе темір жол көлігінде орындалатын, жалдама жұмыстарға қатысты алынған сыйақыларға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Директорлардың сыйақылары

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің мүшесі немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның соған ұқсас органының мүшесі ретінде алған директорлардың сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Өнер қызметкерлері мен спортшылар

1. 15-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 16-баптың (Тәуелді жеке қызметтер) ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерлерінің немесе спортшының өзінің осы сипатта жүзеге асырған жеке қызметінен алынатын табысы өнер қызметкерлерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа, 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда), 15-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 16

-баптың (Тәуелді жеке қызметтер) ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерлерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, 1-тармақта айтылған, мәдени немесе спорт алмасулары шеңберіндегі екі Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметтерімен келісілген және пайда алу мақсатында жүзеге асырылмаған табыс осындай әрекет жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

19-бап

Зейнетақылар мен басқа да төлемдер

1. 20-баптың (Мемлекеттік қызмет) 2-тармағының ережелерін есепке ала отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай сыйақыларға және осы резидентке төленетін кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині балама және толық сыйақының орнына ақшалай немесе ақша құнымен төлем жасау міндеттемесі болғанда бүкіл өмір бойы немесе белгілі бір не белгіленетін уақыт кезеңінде жеке тұлғаға белгіленген уақытта жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

20-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органдары осы Мемлекетке немесе оның бөлімшесіне болмаса жергілікті өкімет органына көрсетілетін қызметіне қатысты төлейтін зейнетақыдан

басқа сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады;

b) Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса, немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса, осындай сыйақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның бөлімшесі, немесе өкімет органы үшін жүзеге асырған қызметіне төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

b) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса ғана, мұндай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

3. 16-баптың (Тәуелді жеке қызметтер), 17-баптың (Директорлардың сыйақылары) және 19-баптың (Зейнетақылар және басқа төлемдер) ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесінің немесе жергілікті органның кәсіпкерлік іс-әрекетті орындауына байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

21-бап

Студенттер және тағылымгерлер

1. Екінші Уағдаласушы Мемлекетте техникалық, кәсіби немесе кәсіпкерлік даярлықтан өтіп жүрген студент немесе тағылымгер ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте уақытша жүрген Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің оның мекендеп тұруы, білім алуы немесе тағылымнан өтуі үшін шетелден алған төлемдеріне қатысты, сондай-ақ оқып жүрген кезеңіндегі шәкіртақыға қатысты 7 жыл бойы салық салынбайды.

2. Егер сыйақы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын студентке немесе тәлімгерге екінші Мемлекетте көрсеткен қызметі үшін төленсе, мұндай қызмет оның білім алуына, мекендеп тұруына немесе тәлімдемеден өтуіне байланысты болса, осы басқа Мемлекетте 3 жыл бойы салық салынбайды.

22-бап

Профессорлар мен зерттеушілер

1. Уағдаласушы Мемлекетке өзі барардың нақ алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте негізінен университетте, колледжде, мектепте немесе бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің үкіметі ресми түрде таныған оқу орнында

дәріс беру мақсатымен жүрген жеке тұлға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте өзі алғаш рет келген күннен бастап екі жылдан аспайтын уақыт ішінде осындай оқыту, дәріс беру үшін төленетін сыйақыларға қатысты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

2. Егер зерттеулер мемлекеттің мүддесі үшін емес, негізінен, нақты тұлғаның немесе тұлғалардың жеке пайдасы үшін жүргізілсе, осы Баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды.

23-бап

Басқа да табыстар

Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және осы Конвенцияның бұдан бұрынғы баптарында қарастырылмаған табыс түрлеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

24-бап

Капитал

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) аталған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекенін кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік

немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің қарамағындағы тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, әуе кемелері және теміржол көлігі, және осындай теңіз, әуе кемелерін және темір жол көлігін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға тек кәсіпорынды тиімді басқару орталығы орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте салық салынады.

25-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарлаған салық мынадай жолмен жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Румынияда салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе капиталы болса, онда Қазақстан:

(i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Румынияда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

(ii) осы резиденттің капиталына салынған салықтан Румынияда төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді.

Алайда, осылай шегерулер кез келген жағдайда Румынияда салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты шегеру берілгенге дейін есептелген табыс салығының немесе капиталға салынатын салықтың бөлігінен аспауға тиіс;

б) Егер Конвенцияның ережесіне сәйкес Қазақстан резидентіне тиесілі алынған табыс немесе капитал Румынияда салықтан босатылған болса, онда Қазақстан, алайда, осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеген кезде салықтан босатылған табысты немесе капиталды есепке алуы мүмкін.

2. Румыния жағдайында қосарлаған салық мұндай жолмен жойылады:

Егер Румынияның резиденті 10 (Дивидендтер), 11 (Проценттер), 12 (Роялти) және 13 (Делдалдық жарналар) баптарында айтылған табысты немесе табыс түрлерін, немесе пайданы, Қазақстанның заңдары бойынша және осы Конвенцияға сәйкес мүлік құнының өсімін алса, немесе капиталы болса, Қазақстанда салық салынуы мүмкін, онда

Румыния табысқа, табыстың түрлеріне, пайдаға, мүлік құнының өсімінен алынатын табысқа немесе капиталға салынатын салықтан Қазақстан төленген салықтың сомасына тең соманы есептен шығарып тастауға мүмкіндік береді.

Алайда, есептеменің сомасы осындай табысқа, табыстың түрлеріне, пайдаға немесе мүлік құнының өсіміне немесе капиталға салынатын, Румынияның салық заңдарына және нормаларына сәйкес есептелген Румын салығының сомасынан аспауға тиіс.

26-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осы екінші Мемлекетте нақ осындай қызметпен айналысатын осы екінші Мемлекеттің кәсіпорнына салық салудан қолайсыздау болмауға тиіс. Осы Ереже екінші Уағдаласушы Мемлекет резидентіне оның өз резиденттеріне азаматтық дәреже немесе отбасы міндеттері есебінен беретін салық салудағы қандай да бір жеке жеңілдіктер, босатулар немесе шегерімдерді Уағдаласушы Мемлекеттің біреуін міндеттейтіндей болып қарастырылмауы тиіс.

3. 9-баптың (Ассоцияланған кәсіпорындар) 1-тармағының, 11-баптың (Проценттер) 7-тармағының, 12-баптың (Роялти) 6-тармағының, немесе 13-баптың (Делдалдық жарналар) 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Сонымен Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген қарызы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын

айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентінің қарызы қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс.

4. Капитал екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей не жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерден өзгеше болмаса анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

27-бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көздеген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның бастан кешірген жағдайы 26-баптың (Кемсітпеушілік) 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер жайлы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзырлы орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және өзі қанағаттандырарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да бір уақытша шектеулерге қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияны пайдалану немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге күш салады. Олар сондай-ақ Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мұның алдындағы тармақтарды келісіп алуға қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер Келісімге қол жеткізу үшін ауызша пікір алысуды ұйымдастыру қажет болса, осындай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдарының өкілдерінен тұратын комиссия мәжілісі шеңберінде өткізілуі мүмкін.

28-бап

Салықтарды жинауға көмектесу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы бапта "салық талабы" деп аталған салықтарға жататын мерзімі өткен төлемдердің проценттерімен, айыппұлдарымен және қылмысты сипаттағы айыппұлсыз өнімдермен қоса, салықтарды жинауда біріне бірі көмек көрсетуге міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының салық талабы осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық талабы түпкілікті белгіленгенін осындай органның растауын қажет етеді. Осы баптың мақсаты үшін салық талабы, егер Уағдаласушы Мемлекет өз ішкі заңдарына сәйкес салық жинауда салық талабын орындауға құқықты болса және салық төлеуші мұндай салықты тежеуге бұдан әрі құқықсыз болса, салық талабы түпкілікті белгіленген болып табылады.

3. Көмек көрсету туралы тілектің мазмұны болып табылатын талап осындай көмек көрсететін Уағдаласушы Мемлекетте есептелетін салықтардан басым болмайды және 27-Баптың (Өзара келісіп алу рәсімі) 1-тармағының ережелері осы бапқа сәйкес, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы беретін кез келген ақпаратқа қолданылады.

4. Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің органы жинау үшін қабылдаған Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының салық талабын екінші Мемлекет оның өзінің салықтарымен байланысты болғандай тұрғыда жинайды.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы жинаған салықтардың сомасы осы бапқа сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі.

6. Осы бапқа сәйкес, егер салық талабы салық төлеуші бірінші немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмаған кезеңге жататын болса, Уағдаласушы Мемлекетке салық төлеушіге қатысты бөлігінде салық жинауда көмек көрсетілмейді.

7. Осы Конвенцияның 2-бабының (Конвенция қолданылатын салықтар) ережелеріне қарамастан осы баптың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес белгіленген салықтың кез келген түрлеріне қолданылады.

8. Осы баптың ережелері өзіне тиесілі салықтарды жинау кезінде қолданылатын, оның мемлекеттік саясатына (қоғамдық практикаға) қайшы келетін осындай сипаттағы шараларды кез келген Уағдаласушы Мемлекетке міндеттейтін тұрғыда пайымдалмауға тиіс.

29-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу әзірше Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу 1-баппен (Конвенция қолданылатын тұлғалар) шектелмейді.

Уағдаласушы Мемлекет алатын кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, күшпен жинап алумен немесе тиісті сот қудалауымен немесе қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттерге:

a) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

b) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

c) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа

(қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайдаланылмауға тиіс.

30-бап

Дипломатиялық миссиялар мен консулдық

қызметтердің мүшелері

Осы Конвенцияның ештеңесі дипломатиялық миссиялардың немесе консулдық қызметтердің мүшелерінің халықаралық құқықтардың жалпы нормаларымен немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарына қолданылмайды.

31-бап

Күшіне енуі

Осы Конвенция бекітілуге жатады және екі Уағдаласушы Мемлекет оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі заң ресімдерін әрбір Уағдаласушы Мемлекетте аяқтағанын мәлімдейтін соңғы хабарлама жасалған күннен соң 30-шы күні күшіне енеді.

Конвенция мыналарға:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін алынған табысқа салынатын кіріс көздерінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін алынған пайдаға, кіріске және капиталға салынатын басқа да салықтарға қатысты қолданылады.

32-бап

Әрекетін тоқтатуы

1. Осы Конвенция күшінде шексіз қала береді.

2. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі 5 жылдық кезең аяқталған соң кез келген күнтізбелік жылдың 30 маусымында немесе соған дейін Конвенцияның қолданылу күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар бойынша екінші Уағдаласушы Мемлекетке жазбаша хабар жібере алады.

Мұндай жағдайда бұл Конвенция:

а) қолданысын тоқтату туралы мәлімдеме берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін алынған табысқа салынатын салықтарға қатысты; және

б) қолданысын тоқтату туралы мәлімдеме берілген жылдан кейін келетін тоқтату жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін алынған пайдаға, кіріске және капиталға салынатын басқа да салықтарға қатысты - өзінің әрекетін тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін, өздерінің Үкіметтері тиісті дәрежеде өкілеттілік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Бухарест қаласында, 1998 жылғы 21 қыркүйекте қазақ, румын, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндерде алшақтықтар пайда болған жағдайда, ағылшынша мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан
Республикасының
Үкіметі үшін

Румынияның
Үкіметі
үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК